



1 таблетка құрамында бар құрғақ сығынды: Тонгкат Али (ұзынжапырақты эврикома) тамырының 10:1 - 15 мг, жебе тәріздес таужапырағының жапырақтарының (Horny Goat Weed) 10:1 - 10 мг, тамырының Кәдімгі Корей Адамтамыры 10:1 - 12 мг, перулік мак тамырының 5:1 - 30 мг, йохимбе 5:1 - 7 мг, көк шай жапырақтарының 10:1, катехинов 40% - 7 мг; L-Аргинина гидрохлорид - 82 мг, В₃ дәрумені (никотин қышқылы) - 20 мг, марыш тотығы - 15 мг, селен - 80 мкг, марганец - 4 мг, магний тотығы - 133 мг.

Қосалқы заттар: дикальций фосфат дигидрат, шағын кристаллды целлюлоза, стеарин қышқылы, кремний қос тотығы, магний стеараты, ГПМЦ негізіндегі жабатын материал.

Қолданылуы

Эректілікті дисфункцияға шалдыққан еркектерге арналған.

Қолданылады:

1) Сексуалдық қозуды күшейту, оргазмға жарқындылық беру және жыныстық қатынас кезінде шыдамдылықты арттыру үшін:

- сырлас өмірінің сапасын жақсартқысы келетін сау ерлерде;

- сексуалдық белсенділігі әлсіреген жастағы ерлерде, оргазмға жету қиындаған кезде, мерзімінен бұрын ұрық шашуда және сырлас жақындасудан кейін шаршаған кезде;

2) Сперматогенезді ынталандыру, тестостеронның қалыпты деңгейі мен репродуктивті функцияны қолдау үшін:

- табиғи тәсілмен ұрықталуды жоспарлайтын ерлерге;

- бедеулікті кешенді емдеуде репродуктивті технологияларды қолдануға дайындау кезінде ерлерге

3) Қуықалды бездің созылмалы ауруларын кешенді терапияда, емдеу кезінде

Қасиеттері

Трансера® Ұлыбританияда өнімнің жоғары сапасы мен тұрақтылығына кепілдік беретін қатаң сапа бақылауынан өткізіліп шығарылады.

Тонгкат Али (ұзынжапырақ эврикома) потенцияны үздік табиғи күшейткіш ретінде танылған және оны қозу дисфункциясы, жыныстық құмартудың әлсіреуі, жыныстық қатынастан кейінгі шаршаңқылық кезінде қолдануға ұсынылады. Тестостеронның, еркектердің жыныстық гормонының түзілуіне ықпал етеді, шәуеттің мөлшері мен сапасын арттырады, осылайша сәтті ұрықтану мүмкіндігін көбейтеді.

Тәріздес таужапырағы (Horny Goat Weed) дәстүрлі түрде эрекция бұзылулары кезінде қоздырушы құрал ретінде және шәует түзуді жақсарту үшін қолданылады. Басты әрекет етуші компонент икариан жүйке ұштарының сезімталдылығын арттырады, бұл жыныстық құштарлықтың күшеюіне өкеледі.

Корелық адамтамыры ағзада жыныс гормондарының қажетті деңгейін жасауға жәрдемдеседі және сырлас өмірдің сапасын жақсарту және сексуалдық қалауды күшейту үшін қолданылады. Адамтамыр компоненттері азот тотығының түзілуін күшейтеді, ал ол жыныс мүшесі қан тамырларының бірыңғай салалы бұлшықеттерін босаңсытады, қан айналымын жақсартады, және желден қозу дисфункциясының алдын алу үшін қолданылады.

Перулік макі ғасырлар бойы қоздырғыш құрал және адаптоген ретінде қолданылып келді. Жүйке жүйесіне әсер ете отырып, қуықтағы безі қызметін және гормондық зат алмасуды жақсартады, рефрактерлі үзілістің (жыныстық қатынастар арасындағы уақыттың) қысқаруына ықпал етеді. Сонымен қатар, зерттеулер көрсеткендей, қандағұл тамыры сығындысының негізіндегі препараттарды жүйелі түрде қолдану қозғалғыш сперматозоидтардың санын едәуір көбейтеді.

Йохимбин қан тамыр жүйесі мәселелерімен, диабетпен

немесе психогенетикалық факторлармен туындаған эректілікті әрекетсіздік мен импотенцияны емдеуге арналған құрал ретінде қолданылады. Эрекция мен эякуляцияның ми жұлын орталықтарының тежелуі есебінен де кіші жамбас органдарына қанның ағынын күшейтеді, жыныс органдарының қанмен толу күші мен ұзақтығын арттырады, тестостерон синтезін ынталандырады.

L-аргинин – ол тапшы болған кезде жыныс жүйесінің функционалдық шалдығулары туындайды. **L-аргинин** азот оксидінің өнімін арттырады, онысыз жүйке жүйесінің қалыпты жұмыс істеуі мен гормондар түзілуі мүмкін емес, және ерлерде бедеулікті емдеу үшін пайдаланылады.

В₃ дәрумені тестостеронның түзілуіне қатысады, сондай-ақ ұсақ қан тамырларының кеңеюіне және микроайналым арнасының жақсаруына әсер етеді.

Мырыш және селен – ағзада тестостеронның түзілуінің катализаторлары, себебі олар аталған гормонның құрамындағы негізгі компоненттердің бірі болып табылады.

Көк шай және мырыш жыныс мүшесінің қан тамырларынан қанның қайтуын шектеуге көмектеседі және осылайша эрекцияның тұрақты болуына әсер етеді.

Марганец жыныс бездерінің қалыпты қызмет етуіне әсер етеді және сперматозоидтардың қозғалғыштығын арттырады.

Қолдану тәсілі және дозалары

Жыныстық потенцияның ұзақ сақталуы және еркектердің репродуктивті қызметін жақсарту үшін тамақтан кейін тәулігіне бір таблетканы қабылдау жеткілікті. 1 айдан 6 айға дейін қабылдауға болады.

Айрықша нұсқаулар

Асқа қосымша биологиялық белсенді қоспа. Дәрілік құрал болып табылмайды.

Қабылдау мөлшерін сақтаған жағдайда **Трансера®** ағзаға жақсы жағдай және қауіпсіз болып табылады. Қазіргі уақытқа дейін дәрілік заттармен белгілі өзара әрекеттесулер болған жоқ. Жүрек-қан тамыр жүйесі аурулары кезінде, сондай-ақ қозу дисфункциясын немесе өкпенің артериялық қысым көтерілуін емдеуге арналған дәрілер тағайындалған болса, қабылдар алдында дәрігермен кеңескен жөн. **Трансера®** көлік құралдарын жүргізуге және механизмдерді басқаруға әсер етуі мүмкін. Мөлшерден тыс қабылдаған жағдайда, дәрігерге көрініңіз.

Еркектік потенцияға кемінде 2 сағатқа созылатын күшті ынталандырғыш әсер ету үшін, құрамында сексуалдық ынталандырғыштардың күшейтілген формуласы бар Трансера® актив препаратын қолданған жөн.

Қолдануға болмайтын жағдайлар

Өнім құрамдастарына аса сезімділік, ауыр жүрек-тамыр аурулары, гипертония, жүрек қызметінің бұзылуы, айқын атеросклероз.

Шығарылу формасы

Поливинилхлоридті қабыршақтан және алюминий жұқалтырынан жасалған блистердегі 14 таблеткалар (PVC3/ALU 41). Картон қаптамасындағы 1 немесе 2 блистер (PAP 21).

Сақтау шарттары. Құрғақ, жарықтан қорғалған жерде, 25°С-ден аспайтын температурада сақтау керек. Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Жарамдылық мерзімі: 3 жыл. Жарамдылық мерзімі аяқталғаннан кейін қолданбаңыз.

Әндіруші: Lifepan Products Ltd, Великобритания, (Elizabethan Way, Lutterworth, Leicestershire LE17 4ND, UK), **СЭЛТФАР ЛТД, Ұлыбритания үшін өндірілген** (180 Tottenham Court Road, London, UK, W1T 7J).

Тұтынушылардан өнім сапасы туралы түскен шағымдарды Қазақстан Республикасы аумағында қабылдайтын ұйымның мекенжайы: Қазақстан Республикасындағы Сэлтфар ЛТД Өкілдігі, Алматы қ-сы Аль-Фараби 5, Нұрлы Тау 1а, оф 301. Тел./факс: +7 (727) 3111628